

“Ә.Молдағұлова атындағы №21 жалпы орта мектебі”
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Ашық сабақ

Сабақтың тақырыбы:

Жас Мұхтар



Бастауыш сынып мұғалімі:
Илясова З

Білімділік: М.Әуезовтің өмірі, шығармашылығы туралы тереңірек таныстыру. Саналы түсініп оқу, мәнерлеп оқу және дұрыс оқу машығын жетілдіру. Шығармадағы негізгі ойды таба білуге үйрету.

Дамытушылығы: Дамыта оқытуға негізделген шығармашылық қиялын, жүйелі ойлау қабілетін, сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту.

Тәрбиелігі: Дана жазушының ұлылығын, кеменгерлігін дәріптеу, оқушылардың өз елін, туған жерін, табиғатын сүюге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер: СТО стратегиялары-ой қозғау, мағынаны ажырату, сұрақ қою, топтық жұмыс, тест.

Сабақтың ұйымдастыру формасы: топтық

Пәнаралық байланыс: әдебиет, математика, қазақ тілі.

Сабақта қолданылатын көрнекіліктер:

карточкалар, постер, суреттер.

Сабақта қолданылатын құрал-жабдықтар:

компьютер, проектор, электронды оқулық маркерлер.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Ана тілің- арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте! –деп ақын Қ.

Мырзалиев жырлағандай, ана тілі

сабағын бастаймыз.



Топқа бөлу. Түс арқылы
Алдарына тарқатылған
сыйлықтарды ашып, ішіндегі
заттарды алады.
Заттардың түсі арқылы
бөлінеді.



II. Үй тапсырмасын сұрау



Мұхтар Әуезов. Жетім

I топ

Әңгіме қалай
басталды? Жападан
жалғыз келе жатқан
кім?

II топ

Қасым жетімдіктің
қорлығын қалай
көрген?

III топ

Әңгімеде қараңғы
түндегі қорқыныш
елесі қалай берілген?

III. Постер жасау.

I топ

Мәтіннен сендердің көз алдарыңа нелер елестеді?

II топ

Егер Қасымның орнында болсаң не істер едің?

III топ

Қасымға жетімдіктен құтылудың қандай амалын айтар едің?

ІҮ.Сергіту сәті
«Қара Жорға»
биі

Ү.Негізгі бөлім (Жалпы топқа сұрақ)

1. Мұхтар Әуезов кім?
2. М.Әуезов қайда білім алды?
3. М.Әуезовтің қандай шығармалары бар?
4. М.Әуезов кімдердің шығармаларын аударған?
5. «Абай жолы» роман-эпопеясы қашан жарық көрді?
6. М.Әуезов қай жылы дүниеден өтті?

ҮІ. Мұхтар Әуезов туралы
деректі фильм.



ҮІІ. Оқулықпен
жұмыс.
Мәтінді іштей оқу.

ҮІІ.Ой түйіндеу.

Әр топ тақырып бойынша берілген сұрақтарға өз түсініктерін айтады.

1-топ

М.Әуезов бала кезінен бастап нені оқып үйренді.

2-топ

Абайдың қара сөзі бойынша естіген нәрсені ұмытпау үшін не істеу керек?

3-топ

Мұхтарды кішкентай кезінде кім деп атаған? Атасы қандай жырлар мен ертегілер айтып берген?



IX. Постер жасау.

1-топ

Екінші себепті қалай түсінесіңдер?


2-топ

Үшінші себепті қалай түсінесіңдер?



3-топ

Төртінші себепті қалай түсінесіңдер?





Ой шақыру.
«Кім тапқыр» ойыны.



Тест тапсырмалары.

1. М. Әуезовтің «Бала Абай» әңгімесіндегі Абайға бата берген кім?

А) әжесі Ә) Байкөкше ақын Б) анасы В) Барлас ақын

2. Абайдың анасының есімі кім?

А) Ұлжан Ә) Әйгерім Б) Зере В) Дана

3. Бала кезінде «Қоңыр қозы» атанған жазушы кім?

А) Абай Ә) Ыбырай Б) Мұхтар В) Ахмет

4. «Абай жолы» роман-эпопеясын жазған кім?

А) М. Әуезов Ә) Ж. Жабаев Б) Ш. Мұртаза

5. «Көксерек» әңгімесін кім жазған?

А) Абай Ә) Шоқан Б) Мұхтар

6. М. Әуезовтің «Жетім» әңгімесінде жазушы Қасымның көңіл күйін немен сәйкестендірді?

А) Күнмен Ә) Табиғатпен Б) Қыс мезгілімен

Сабақты қорытындылау.

Рефлексия

Сабақтың тақырыбы:

Пәні:

Мерзімі:

Сыныбы:

Менің бүгінгі сабақтан
алғаным



Менің білгім келеді, ізденуім
қажет



Маған ұнағаны



Маған ұнамағаны



Үйге тапсырма.

1. Бердібек Соқпақбаев туралы
іздену.

2. Менің атым Қожа әңгімесін
оқу.

Бағалау.

Топ басшылар өз тобындағы
балаларды бағалайды.